

«Б.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты» КеАҚ



**«БЕКІТІЛДІ»**

Ғылыми кеңес шешімімен

№1 хаттама, «27» тамыз 2024 жыл

**Профессор-оқытушылар құрамының 2024-2025 оқу жылына  
педагогикалық жүктемесін жоспарлау ережелері**

Арқалық, 2024 ж.

## **1. Қолдану саласы**

1. Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты профессор-оқытушылар құрамының педагогикалық жүктемесін жоспарлау ережелері (бұдан әрі – Ереже) профессор-оқытушылар құрамының жұмысын жоспарлауға қойылатын талаптарды реттейді, жұмыс түрлерін, оқу жүктемесінің нормаларын сипаттайды.

2. Ережелерді академиялық бағдарламалар және әдістемелік жұмыс офисі, институттың білім беру бағдарламаларының жетекшілері профессор-оқытушылар құрамының педагогикалық жүктемесінің көлемін жоспарлау және айқындау кезінде қолданады.

## **2. Нормативтік сілтемелер**

1. Ереже келесі нормативтік-құқықтық актілер негізінде әзірленді:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ ҚРЗ «Білім туралы» Заңы;

- Жоғары білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы (ҚР-ҒЖБМ 27.08.2024ж. №419 өзгерістерімен және толықтыруларымен).

- Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары. ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 Бұйрығы (ҚР-ҒЖБМ 02.08.2023 ж. №379 өзгерістерімен және толықтыруларымен).

- Кредиттік технология бойынша оқу процесін ұйымдастыру оқыту ережелері. ҚР БҒМ 20.04.2011 жылғы № 152 бұйрығы (ҚР МҒМ 04.04.2023 ж. № 145 өзгерістерімен және толықтыруларымен)

- «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы профессор-оқытушылар құрамының ұсынылатын педагогикалық жүктемесін және ең төменгі жалақысын айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 25 наурыздағы №122 бұйрығы (ҚР-ҒЖБМ 20.11.2023 ж. №591 өзгерістерімен және толықтыруларымен).

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Сот төрелігі академиясын, әскери, арнаулы оқу орындарын, мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары профессор-оқытушылар құрамының жалпы санын есептеу үшін білім алушылар санының оқытушыларға орташа арақатынасын бекіту туралы» №606 бұйрығы (ҚР-ҒЖБМ 02.07.2020 ж. №284 өзгерістерімен және толықтыруларымен).

## **3. Белгілер мен қысқартулар**

Ережеде келесі белгілер мен қысқартулар қолданылады:

Институт – Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты;

АБЭЖО – академиялық бағдарламалар және әдістемелік жұмыс офисі;

ББ – білім беру бағдарламасы;

ПОҚ – профессор-оқытушылар құрамы;

ОЖЖ – оқу жұмыс жоспары;

ЖОЖ – жеке оқу жоспары;

СӨЖ – студенттің өзіндік жұмысы;

ОСӨЖ – оқытушының басшылығымен студенттің өзіндік жұмысы;

ҚА – қорытынды аттестаттау;

АК – аттестаттау комиссиясы;

#### **4. Жалпы ережелер**

1. ББ оқу жоспарын, институттың оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және тәрбие жұмысының жоспарларын орындау қажеттілігін ескере отырып, ПОҚ жұмысының көлемі алты күндік қырық сағаттық жұмыс аптасы шегінде белгіленеді.

2. Атқаратын лауазымына қарамастан ПОҚ-ның бір штаттық бірлігіне педагогикалық жүктеменің жалпы көлемі 1680 сағатты құрайды, оның ішінде 680 академиялық сағат (ОСӨЖ қосқанда), оның ішінде аудиториялық (контактілі) жұмыс көлемі кемінде 50% құрайды.

3. ПОҚ жұмысының жоспарланатын түрлеріне мыналар жатады:

- академиялық жүктеме,
- оқу-әдістемелік жұмыс,
- ғылыми-зерттеу жұмысы,
- тәрбие жұмысы.

4. Әрбір оқытушының жұмысын анықтайтын негізгі құжат тапсырылған педагогикалық жүктеме мен жұмыс түрлері бойынша факультеттің жоспарларына сәйкес оқу жылына жасалатын жеке жоспар болып табылады.

5. ПОҚ жеке жоспарлары факультеттің сапаны қамтамасыз ету комитетінде қаралады және факультет деканы бекітеді. Оқу жылы ішінде факультеттің сапаны қамтамасыз ету комитеті кеңесінің шешімі негізінде жеке жоспарларға өзгеріс енгізілуі мүмкін.

6. Семестр және оқу жылы аяғында оқытушылар факультеттің сапаны қамтамасыз ету комитетінде барлық жұмыс түрлерінің нақты орындалуы туралы есеп береді.

#### **5. Академиялық жүктеме түрлері**

1. Академиялық жүктеме түрлері аудиториялық және аудиториядан тыс оқу жүктемесі болып табылады.

2. ПОҚ-ның аудиториялық оқу жүктемесі мыналарды қамтиды:

- дәріс,
- практикалық сабақ,

- зертханалық сабақ,

- студиялық сабақ.

ПОҚ-ның аудиториядан тыс оқу жүктемесі мыналарды қамтиды:

- дипломдық жұмысқа (жобаға) жетекшілік,

- ОСӨЖ,

- тәжірибеге жетекшілік,

- қорытынды аттестаттау.

3. Академиялық жүктеменің көлемін жоспарлау кезінде бір академиялық несие оның барлық түрлері үшін 30 академиялық сағатқа тең. Академиялық жүктеменің барлық түрлері бойынша бір академиялық сағат 50 минутқа тең.

4. Аудиториялық жұмыстың көлемі әр пән көлемінің 1/3 құрайды (1 кредитке 10 сағат).

5. Аудиториялық жұмыстың әр сағатына екі сағаттық СӨЖ сәйкес келеді, бұл әр пән көлемінің 2/3 бөлігін құрайды (1 кредитке 15 сағат), оның 1/4 бөлігі ОСӨЖ (1 топқа контингентке байланысты 5 сағат – 1 адамнан 50 адамға дейін) үшін бөлінеді.

6. Практиканың ұзақтығы студенттің апта ішіндегі 30 сағатқа тең (5 күндік жұмыс аптасында күніне 6 сағаттан) практикадағы жұмыс уақытына сүйене отырып, аптамен анықталады.

#### **6. ПОҚ-на академиялық жүктеме жоспарлаудың жалпы ережелері**

1. ПОҚ-ның академиялық жүктемесі сағатпен жоспарланады.

2. Дәріс оқу профессор, доцент, аға оқытушыларға, тәжірибелі практиктерге жоспарланады.

3. Лектік дәріс сабақтары сыйымдылығы 500 адамнан аспайтын академиялық лектерге онлайн форматта жоспарланады. Жаппай ашық онлайн курстарын толық немесе ішінара (дәріс материалы және/немесе практикалық сабақ және/немесе қорытынды бақылау т.б.) қолдану құпталады.

Арнаулы пәндердің дәріс сыйымдылығы 80-100 адамға дейінгі академиялық лектерге жоспарланады.

4. Практикалық, зертханалық, студиялық сабақтар профессор, доцент, аға оқытушы, оқытушыларға жоспарланады.

5. Практикалық сабақтарын жоспарлау сыйымдылығы 3 адамнан кем емес және 30 адамнан аспайтын топтарға оқу пәндеріне жазылу қағидаты бойынша жүзеге асырылады. Тілдік, информатика пәндері бойынша практикалық сабақтар сыйымдылығы 3 адамнан кем емес және 15-20 адамнан аспайтын кіші топтарға жоспарланады.

6. Зертханалық және студиялық сабақтар сыйымдылығы 3 адамнан кем емес және 15 адамнан аспайтын кіші топтарға жоспарланады.

7. Толық ББ үшін сыйымдылығы 3 адамға дейінгі топтарға аудиториялық сабақтар жұмыс оқу жоспарында көрсетілген пән көлемінің 50%-ын құрайды.

8. Практикаға доцент, аға оқытушылар, кем дегенде үш жыл педагогикалық еңбек өтілі бар оқытушылар жетекшілік жасайды.

9. Дипломдық жұмысқа (жобаға) ғылыми жетекшілік жасау профессор, доцент, аға оқытушыларға, кадрлар даярлау бағытының бейініне сәйкес келетін практикалық жұмыс тәжірибесі бар тәжірибелі мамандарға жоспарланады. "«Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік аттестаттау комиссиясының

(бұдан әрі – МАК) және аттестациялық комиссияның (бұдан әрі – АК) құрамы комиссия төрағасын қоспағанда, техникалық хатшыны қоса алғанда 4 адамнан аспайтын адаммен айқындалады. АК және мемлекеттік аттестаттау комиссиясының құрамы профессорлар, доценттер, бітіруші ББ аға оқытушылары және жоғары білікті практиктер, жоғары санатты оқытушылар, кадрлар даярлау саласындағы оқу орындарының басшылары қатарынан құрылады.

10. Магистрлік диссертацияға ғылыми жетекшілікті кадрларды даярлау бағытының бейініне сәйкес ғылыми дәрежесі және (немесе) PhD философия докторы/бейіні бойынша докторы (академиялық) дәрежесі бар, кемінде 3 (үш) жыл ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі бар, ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган бекіткен ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялауға ұсынылатын ғылыми жарияланымдар тізбесіне (бұдан әрі - Жарияланымдар тізбесі) енгізілген басылымдарда соңғы 5 (бес) жыл ішінде жарияланған кемінде 5 (бес) ғылыми мақаланың және JCR (ZhSR) бойынша импакт-факторы бар немесе Science Citation Index Expanded дерекқорларының (Science Citation Index Expanded), Social Science Citation Index (Social) бірінде индекстелген Web of Science Core Collection (Web of Science Core Collection) ішіндегі Science Citation Index) немесе Arts and Humanities Citation Index (Arts and Humanities Citation Index) немесе Scopus дерекқорындағы CiteScore пайыздық ұпайы кемінде 25 (жиырма бес) болатын халықаралық рецензияланған ғылыми журналда соңғы 5 (бес) жыл ішінде жарияланған кемінде 1 (бір) ғылыми мақаланың авторы болып табылатын оқытушылар тағайындалады.

11. Кеңес, аралық аттестаттау пән бойынша кредиттер көлемі шеңберінде өткізіледі.

12. ҚА-ды АК жүргізеді:

- кешенді емтихан бойынша – бір академиялық топта күніне 15 адамнан артық емес;

- дипломдық жұмысты қорғау бойынша – бір академиялық топта күніне 12 адамнан артық емес.

13. Толық және қысқартылған ББ ОЖЖ-ның нақты пәндерін оқыту кезеңдері және академиялық күнтізбелері сәйкес келсе, бұл пәндер бірге жоспарланады. ПОҚ-ның аудиториялық жүктемесі 100% мөлшерінде жоспарланады.

14. Толық және қысқартылған ББ ОЖЖ-ның нақты пәндерін оқыту кезеңдері сәйкес келмеген жағдайда, сондай-ақ толық және қысқартылған ББ ОЖЖ-ның нақты пәндерін оқыту кезеңдері сәйкес келген, бірақ академиялық күнтізбелері сәйкес келмеген жағдайда аталған пәндер бөлек жоспарланады. Қысқартылған ББ үшін ПОҚ аудиториялық жүктемесіне сыйымдылығы:

- 1-ден 15 адамға дейінгі топтарға – жоспарлы аудиториялық жүктеменің 30%;

- 16 адам және одан көп топтарға – жоспарлы аудиториялық жүктеменің 50% есептеледі.

15. Егер топта басқа тілде оқитын студенттер саны 1-ден 3 адамға дейін болса, дәрістер 50% жоспарланады, практикалық, зертханалық, студиялық сабақтар барлық тілде оқытатын студенттер үшін 21-тармаққа сәйкес жоспарланады.

16. ОЖЖ, ЖОЖ, пәндерді факультеттерге бекіту негізінде АБЭЖО ПОҚ-ның жиынтық академиялық жүктемесін есептейді.

17. ПОҚ-ның жиынтық академиялық жүктемесіне және ПОҚ-ның жалпы санына қарай Басқарма Төрағасы-Ректор институт ПОҚ-ның штаттық кестесін бекітеді.

18. ПОҚ-ның штаттық кестесі бекітілгеннен кейін ББ жетекшілерінің келісімі бойынша АБЭЖО оқытушылар арасында академиялық жүктемені бөледі.

19. Пәндерді қайта меңгеру, қосымша сағаттар, ЖОО ережесіне сәйкес төленеді;

20. Штаттық бірліктегі педагогикалық жүктемені есептеу негізіне ПОҚ академиялық жүктемесінің көлемі алынады және оқытушының педагогикалық жүктемесінің жалпы көлеміне дейін оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, тәрбие жұмыстары түрлерімен толықтырылады.

21. ББ жетекшісіне жалпы педагогикалық жүктеме жетекшілік жасайтын білім бағдарламалар контингентіне сәйкесті:

- студент саны 1-30 болған жағдайда 15%
- студент саны 30-50 болған жағдайда 20%
- студент саны 50-80 болған жағдайда 30%
- студент саны 80-нен жоғары болған жағдайда 40% мөлшерінде азайтылады.

22. Іс-сапар, біліктілігін арттыруға жіберу кезеңінде және басқа да жағдайларда оқытушы академиялық мәселелер жөніндегі проректор бекіткен қосымша кесте бойынша сабақтарын өткізеді.

## **7. Педагогикалық жүктемені жоспарлау кезіндегі уақыт нормалары**

1. ПОҚ академиялық жүктемесін жоспарлау 1-кесте келтірілген уақыт нормалары бойынша жүргізіледі.

1-кесте

| №                                        | Оқу қызметінің түрлері                   | Уақыт нормалары, сағ                                              | Ескертпе                                                             |
|------------------------------------------|------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------|
| <b>Аудиториялық (контактілі) жүктеме</b> |                                          |                                                                   |                                                                      |
| 1                                        | Дәріс оқу                                | Дәріс сабақтарына жоспарланған сағат саны×лек саны                | Сыймдылығы осы Ереженің 19, 28, 29-тармақтарына сәйкес               |
| 2                                        | Практикалық сабақтарын өткізу            | Практикалық сабақтарға жоспарланған сағат саны×топ саны           | Сыймдылығы осы Ереженің 21, 28, 29-тармақтарына сәйкес               |
| 3                                        | Зертханалық/ студиялық сабақтарды өткізу | Зертханалық/студиялық сабақтарға жоспарланған сағат саны×топ саны | Сыймдылығы осы Ереженің 22, 28, 29-тармақтарына сәйкес               |
| 4                                        | Жеке сабақтарды өткізу (Музыкалық        | Тәжірибелік сабақтарға жоспарланған сағат саны×студент саны       | Сабақ әр студентке Негізгі музыкалық аспап, Қосымша музыкалық аспап, |

|                                 |                                                        |                            |                                                                                                                                                         |
|---------------------------------|--------------------------------------------------------|----------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                 | білім беру ББ үшін)                                    |                            | Орындаушылық шеберлігі пәндерінен жеке өткізіледі. Қысқартылған ББ үшін осы Ереженің 28-тармағына сәйкес                                                |
| <b>Аудиториядан тыс жүктеме</b> |                                                        |                            |                                                                                                                                                         |
| 5                               | ОСӨЖ                                                   | 5×топ саны                 | Сыйымдылығы 50 адамға дейінгі топ                                                                                                                       |
| 6                               | Кеңес өткізу, емтихан, сынақ қабылдау                  | -                          | Пән бойынша кредиттердің жалпы көлеміне кіреді                                                                                                          |
| 7                               | Дипломдық жұмысқа (жобаға) жетекшілік                  | 15×студент саны            |                                                                                                                                                         |
| 8                               | Дипломдық жұмыстың (жобаның) нормативтік бақылауы      | 1×жұмыс саны               | Нормативтік бақылау парағы                                                                                                                              |
| 9                               | ҚА: кешенді емтихан, дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау | 0,4×студент саны           | Кешенді емтихан – күніне 15 адамнан артық емес, дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау – күніне 12 адамнан артық есмес; АК құрамы тақ – 5 адамнан артық емес |
| 10                              | Практикаға жетекшілік                                  | 1×кредит саны×студент саны |                                                                                                                                                         |

2. ПОҚ-ның оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу тәрбие, өзін-өзі дамыту жұмыстары 2-5-кестелерде келтірілген жұмыс түрлерін қамтиді.

2-кесте

| № | Оқу-әдістемелік жұмыс түрлері                                                                | Есептілік нысаны |
|---|----------------------------------------------------------------------------------------------|------------------|
| 1 | Институттың Ғылыми кеңесі ұсынған оқу құралын, оның ішінде электронды, әзірлеу               | Дайын өнім       |
| 2 | Институттың Ғылыми кеңесі ұсынған оқу-әдістемелік нұсқаулық, оның ішінде электронды, әзірлеу | Дайын өнім       |
| 3 | Бейне дәрістер курсын әзірлеу және жазу                                                      | Дайын өнім       |
| 4 | Виртуалды зертханалық жұмысты әзірлеу                                                        | Дайын өнім       |
| 5 | Жаппай ашық онлайн курсын                                                                    | Дайын өнім       |

|    |                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                 |
|----|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|    | әзірлеу                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                 |
| 6  | Оқытудың жаңа әдістері мен технологияларын енгізу                                                                             | Сабақтардың әдістемелік нұсқаулары, ПОҚ-ның, ББ жетекшісінің, деканның сабаққа қатысу нәтижелері, пәннің оқу процесіне оқытудың жаңа әдістері мен технологияларын енгізу актісі |
| 7  | Кәсіптік практикаларды ұйымдастыру жетекшілігі                                                                                | ББ тобы бойынша кәсіптік практика жетекшісі ретінде тағайындалу жөніндегі бұйрық/өкім, жұмыс материалдары, есеп                                                                 |
| 8  | Факультет, институт комитетінің жұмысына қатысу                                                                               | Комитет құрамына кіргізу туралы өкім/бұйрық, отырыс хаттамалары, атқарылған жұмыс туралы есеп                                                                                   |
| 9  | Сараптамалық топ, комиссия құрамындағы жұмыс                                                                                  | Сараптамалық топ, комиссия құрамына кіргізу туралы өкім/бұйрық, отырыс хаттамалары, атқарылған жұмыс туралы есеп                                                                |
| 10 | ПОҚ өзара сабаққа қатысу                                                                                                      | Өзара сабаққа қатысу нәтижесі бойынша пікір                                                                                                                                     |
| 11 | Студенттер мен оқушылар олимпиадасын дайындау және өткізу                                                                     | Бағдарлама, олимпиада материалдары, олимпиада турларының хаттамалары                                                                                                            |
| 12 | Практика базаларымен өзара әрекеттесу (оқушылардың ғылыми жобаларын басқару, әдістемелік басылымдарға сараптама жүргізу т.б.) | Бағдарлама, жұмыс материалдары, есеп                                                                                                                                            |
| 13 | Кәсіби бағдар беру жұмысы бойынша іс-шаралар әзірлеу және өткізу                                                              | Кәсіби бағдар беру жұмысы бойынша бағдарлама, іс-шаралар материалдары мен есебі                                                                                                 |
| 14 | Факультеттің оқу-әдістемелік жұмысына жетекшілік жасау                                                                        | Бағдарлама, жұмыс материалдары, есеп                                                                                                                                            |
| 15 | ББ әзірлеу/жаңарту тобына қатысу (ББ жетекшісін қоспағанда)                                                                   | ББ әзірлеушілері тобына кіргізу жөніндегі бұйрық/өкім, дайын өнім                                                                                                               |
| 16 | ББ тобы эдвайзерінің жұмысын атқару                                                                                           | ББ тобы бойынша эдвайзер ретінде тағайындалу жөніндегі бұйрық/өкім, жұмыс материалдары, есеп                                                                                    |
| 17 | Тәлімгерлік                                                                                                                   | Жұмыс жоспары, есеп                                                                                                                                                             |
| 18 | Қорытынды аттестаттауға техникалық хатшылық                                                                                   | Техникалық хатшы ретінде тағайындалу жөніндегі бұйрық                                                                                                                           |
| 19 | Қазақстанның қазіргі заман тарихы пәнінен мемлекеттік емтиханына техникалық хатшылық                                          | Техникалық хатшы ретінде тағайындалу жөніндегі бұйрық                                                                                                                           |

| №  | Ғылыми-зерттеу жұмысының түрлері                                                                                                   | Есептілік нысаны                                                                                                                                 |
|----|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1  | Гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған жобаны әзірлеу                                                        | Жоба, атқарылған жұмыс туралы есеп                                                                                                               |
| 2  | Халықаралық/республикалық ғылыми конференцияны, семинарды, дөңгелек үстелді ұйымдастыруға қатысу                                   | Ұйымдастыру кеңесінің құрамына енгізу туралы бұйрық/хат, атқарылған жұмыс туралы есеп                                                            |
| 3  | Thomson Reuters, Scopus деректер базасына кіретін және нөлдік емес импакт-факторлы халықаралық ғылыми басылымдардағы жарияланымдар | Дайын өнім / дәлелді құжат                                                                                                                       |
| 4  | ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынған тізмідегі қазақстандық басылымдардағы жарияланымдар                                                        | Дайын өнім / дәлелді құжат                                                                                                                       |
| 5  | Халықаралық, республикалық конференциялар материалдарындағы, ғылыми басылымдарда жарияланым                                        | Дайын өнім                                                                                                                                       |
| 6  | Ғылыми монография (жеке/ұжымдық)                                                                                                   | Дайын өнім                                                                                                                                       |
| 7  | Оқу процесіне ҒЗЖ нәтижелерін енгізу                                                                                               | Сабақтардың әдістемелік нұсқаулары, ПОҚ, ББ жетекшісі, деканның сабақтарға қатысу нәтижелері, пәннің оқу процесіне ҒЗЖ нәтижелерін енгізу актісі |
| 8  | Студенттік ғылыми үйірмеге жетекшілік                                                                                              | Жұмыс жоспары, үйірме мүшелерінің тізімі, үйірме жұмысының материалдары, есеп                                                                    |
| 9  | Студенттің оқытушының ғылыми жетекшілігімен республикалық/шетелдік басылымдардағы жарияланымы                                      | Дайын өнім                                                                                                                                       |
| 10 | Республикалық пәндік олимпиадаларға, ғылыми жобалар конкурстарына қатысушы студенттерді дайындау                                   | Жұмыс жоспары, студенттер тізімі, жұмыс материалдары, есеп                                                                                       |
| 11 | Институт ректоры сыйлығына ғылыми жобалар конкурсына, стартап конкурсына қатысушы студенттерді дайындау                            | Жұмыс жоспары, студенттер тізімі, жұмыс материалдары, есеп                                                                                       |
| 12 | Факультеттің ғылыми-зерттеу жұмысына жетекшілік жасау                                                                              | Бағдарлама, жұмыс материалдары, есеп                                                                                                             |

| <b>№</b> | <b>Тәрбие жұмысының түрлері</b>                                     | <b>Есептілік нысаны</b>                                                                              |
|----------|---------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1        | Топ кураторының жұмысы                                              | Топ кураторы ретінде тағайындалу жөніндегі бұйрық/өкім, жұмыс жоспары, іс-шаралар материалдары, есеп |
| 2        | Факультет деңгейіндегі тәрбиелік сипаттағы іс-шараларды ұйымдастыру | Бағдарлама, материалдар, іс-шараларды өткізу туралы есеп                                             |
| 3        | Институт деңгейіндегі тәрбиелік сипаттағы іс-шараларды ұйымдастыру  | Бағдарлама, материалдар, іс-шараларды өткізу туралы есеп                                             |
| 4        | Факультеттің тәрбие жұмысына жетекшілік жасау                       | Бағдарлама, жұмыс материалдары, есеп                                                                 |

5-кесте

| <b>№</b> | <b>Өзін-өзі дамыту жұмыс түрлері</b> | <b>Есептілік нысаны</b> |
|----------|--------------------------------------|-------------------------|
| 1        | Халық аспаптар оркестріне қатысу     |                         |
| 2        | Спорттық жарыстарға қатысу           |                         |
| 3        | Спорт секцияларына қатысу            |                         |
| 4        | БАҚ-на мақала жариялау               |                         |
|          |                                      |                         |
|          |                                      |                         |

## 8. Магистратура бойынша практикаға және магистрлік диссертацияға жетекшілік

6-кесте

| <b>№</b> | <b>Жұмыс түрлері</b>                                                                                   | <b>Жүктемені есептеуге арналған сағат бойынша уақыт нормасы</b> | <b>Ескерту</b>                                           |
|----------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------|
| 1        | Педагогикалық практикаға жетекшілік (магистратура)                                                     | 1 магистрантқа<br>1 аптаға 0,25 сағат                           |                                                          |
| 2        | Зерттеу практикасы (магистратура)                                                                      | 1 магистрантқа<br>1 аптаға 0,5 сағат                            |                                                          |
| 3        | Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы | 1 магистрантқа<br>1 аптаға 0,5 сағат                            |                                                          |
| 4        | Магистрлік диссертацияға жетекшілік                                                                    | 1 магистрантқа 15 сағат                                         | бір оқу жылына                                           |
| 5        | Магистратура бойынша қорытынды аттестаттау (бұдан әрі ҚА)                                              | 1 магистрантқа<br>0,25 сағат                                    | Күніне 6 сағаттан көп емес. ҚА комиссия мүшелерінің саны |

|  |  |  |                       |
|--|--|--|-----------------------|
|  |  |  | 4-тен аспауы<br>қажет |
|--|--|--|-----------------------|

## Танысу парағы

[illegible]